

Халықаралық TIMSS - 2019 апробациялық зерттеуінің өткізілуі туралы

TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) халықаралық зерттеуі 1995 жылдан басталып, төрт жылдық кезеңмен өткізіліп тұрады. Бұл халықаралық зерттеу 4,8 - сынып оқушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру сапасын анықтау мақсатында жүргізіледі.

TIMSS - 2019 халықаралық апробациялық зерттеуіне облыс бойынша **2 мектеп** (*Қордай ауданы №4 Б.Бөлтірікова атындағы орта мектебі, Шу ауданы Қ.Сатпаев атындағы шағын орталық орта мектебі*) қатысты.

Облыс бойынша 4 сынып бойынша **65 оқушы** (оның ішінде: 42-қазақша, 23 орысша), 8 сынып бойынша **75 оқушы** (оның ішінде: 46-қазақша, 29 – орысша) тест тапсырмаларын тапсырды.

TIMSS - 2019 халықаралық апробациялық зерттеуі қағаз форматында өткізілді.

